

ӘОЖ 81.27

ГТАХР 17.71.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.042>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИКРОЖАНРЛАР: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТ

* Утешова А.А.¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлардың пайда болу себептері мен олардың әдеби процестегі маңызы талданады. Автор әсіресе психологиялық және мистикалық бағыттардың шағын прозадағы көрінісін теориялық және мәтіндік тұрғыдан зерделеуді мақсат еткен. Зерттеудің негізгі мақсаты – микрожанр үлгісіндегі шығармаларда мистикалық және психологиялық баяндаудың рөлін анықтау, олардың қазақ әдебиетінің жанрлық эволюциясындағы орнын айқындау. Мақалада микрожанр ұғымының тарихи даму арналары көрсетіліп, ХХІ ғасырда оның оқырманның тез қабылдауына бейімделген жаңа форма ретінде орныққаны түсіндірілген. Микрожанрдың негізгі идеясы – ықшам мәтін арқылы көпқабатты мағына жеткізу және оқырманның интерпретациялық белсенділігін арттыру. Зерттеу барысында сипаттамалық, құрылымдық-семиотикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Негізгі материал ретінде Мәдина Омарова мен Әлішер Рахаттың шағын прозалары алынған. М. Омарованың «Шеңбер» және Ә. Рахаттың «Орта» шығармалары психологиялық және мистикалық элементтерге бай микромәтіндер ретінде қарастырылып, олардың ішкі монолог, символизм және беймәлім атмосфера құру тәсілдері ашып көрсетілді. Оқиғаның шартты бұзылуы, уақыт-кеңістік категорияларының бұлыңғырлануы микрожанрдың маңызды белгісі екені дәлелденді. Микрожанрлар оқырманды сана ағысына жетелейтін, экзистенциалды күйді бейнелейтін көркемдік модель ретінде бағаланды. Бұл формалар қазақ прозасында жанрлық жаңғырудың айқын көрсеткіші саналады. Мақалада микрожанрлар тек әдеби құбылыс емес, заманауи мәдени үдерістердің айнасы ретінде қарастырылып, олардың философиялық және эстетикалық әлеуеті көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қазіргі шағын прозаны талдау мен оқу бағдарламаларын жетілдіруге, жаңа авторлық тәжірибелерді қолдануға негіз бола алады. Сонымен қатар мақалада микрожанрлардың дамуын постмодернистік эстетика аясында қарастырып, олардың мазмұндық және формалық ерекшеліктері арқылы қазіргі әдебиеттегі эксперименттік үрдістермен сабақтастығы анықталған.

Тірек сөздер: микрожанр, мистикалық баяндау, символизм, психологиялық проза, қазіргі қазақ әдебиеті, флешфикшн, сана ағысы, экзистенциалды проза, шағын әңгіме

Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасында микрожанрларға негізделген көркемдік ізденістер жаңа үрдіске айналып отыр. Әсіресе жас қаламгерлер шығармашылығында психологиялық және мистикалық мазмұндағы шағын прозалар жиі ұшырасады. Микрожанр формалары арқылы авторлар ішкі әлем, бейсана, уақыт пен кеңістік межелері, рухани күйзеліс тәрізді күрделі тақырыптарды ықшам түрде бейнелеп, оқырманмен терең эмоционалдық байланыс орнатуға ұмтылады. Бұл құбылыс постмодернистік эстетика мен ұлттық әдеби дәстүр тоғысынан туындаған соны көркем форма ретінде назар аударуға лайық. Бір жағынан, микрожанрлар ХХІ ғасырдағы цифрлық мәдениеттің қысқа форматына сай келсе, екінші жағынан оның түп тамыры көне заманнан бастау алады. Қысқа форматтағы минималистік түрлер жаңалық емес. Афоризмдер, мақал-мәтелдер мен апофтегмалар секілді шағын жанрлар ежелгі дәуірдің өзінде терең ойды ықшам формада жеткізудің жолы болғаны белгілі. Ғасырлар бойы осындай қысқа формалар дамып, қазіргі кезде толыққанды жанрлық үлгілерге айналды. Демек, қазіргі әдеби процесте микрожанрлардың пайда болуы – дәстүрлі және жаңашыл поэтикалық тәсілдердің сабақтастығы мен үйлесуінің көрінісі.

Микрожанрлар бүгінгі қазақ әдебиетінде маңызды бағыттардың біріне айналды. Зерттеушілердің пайымдауынша, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты қазақ прозасы жанрлық тұрғыда елеулі өзгерістерді бастан кешіруде, соның ішінде проза мәтіндерінің қысқарып, минимизациялануы байқалады [1, 90-92б.]. Мысалы, әдебиеттанушы Н.Худайбергенов жазушы Мәдина Омарованың шығармашылығын талдай келе: «Біз М.Омарованың заманауи тақырыптағы шығармаларынан қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанрлардың минимизациясы үрдісін байқаймыз» деп тұжырым жасаған [2, 180б.]. Демек ұлттық әдебиетте микрожанр үлгілерін талдап-таразылау – өзекті де өткір ғылыми мәселе. 2019 жылы республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің ұйымдастыруымен өткен «Ең қысқа әңгіме» байқауы қазақ прозасындағы шағын әңгіме жанрының дамуына түрткі болды деуге болады. Байқау нәтижесінде іріктелген қысқа әңгімелер әдебиеттегі минимализм мен қысқалық қағидасын қазақ оқырмандарына таныстырып, көпшіліктің қызығушылығын оятты. Жалпы микрожанрлардың пайда болуы қазіргі әдебиеттің жанрлық құрылымына өзгерістер әкеліп, шығармашылық ізденістің тың бағытын белгіледі. Уақыты шектеулі, ақпарат тасқыны мол заманда оқырманды бір деммен баурап алатын, ықшам да терең мағыналы туындыларға сұраныс артты. Шағын форма авторларға да үлкен мүмкіндіктер береді: аз сөзбен көп ойды жеткізу, адам өмірінің философиялық-психологиялық мәселелерін қысқа мәтінде терең зерделеу мүмкіндігі туындайды. Сондықтан постмодерндік көпмағыналылыққа негізделген микрожанрлар заманауи қазақ прозасының жанрлық дамуына жаңа серпін беріп, оны теориялық тұрғыдан пайымдау қажеттілігін туғызып отыр. Осы бағытта арнайы зерттеулер де көріне

бастады. Мәселен, жуық арада Ж.Темірова мен А.Жақыпованың зерттеуінде И.Одеговтың флешфикшн жанрындағы шығармалары трансмәдениет аясында талданғаны микронарративтерге деген ғылыми қызығушылықтың артқанын көрсетеді [3, 65-666.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақаланың негізгі зерттеу материалы ретінде жазушы Мәдина Омарова мен жазушы-драматург Әлішер Рахаттың шағын прозалық туындылары алынды. Аталған екі автордың шығармаларында жоғарыда сөз болған психологиялық және мистикалық элементтер тоғысып, микрожанрдың мүмкіндіктері әр қырынан байқалады. Олардың стилі, композиция құру тәсілдері және көркемдік мәнері салыстырмалы талдау үшін қызықты материал ұсынады. Талдауға негіз болған нақты туындылар ретінде М.Омарованың «Шеңбер» секілді миниатюрасы және Ә.Рахаттың «Орта» атты шағын әңгімесі қарастырылды.

Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-типологиялық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Әр туындының жанрлық ерекшеліктері, поэтикасы мен баяндау тәсілдері мәтіндік талдау арқылы зерделенді. Психологиялық және мистикалық компоненттердің микромәтіндердегі көрінісі құрылымдық-семиотикалық тұрғыдан қарастырылды; шығармадағы символика мен астарлы мағыналарға интерпретациялық талдау жасалды. Екі автор шығармаларын салыстыра отырып, микрожанр аясындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды, нәтижелерді айқын көрсету үшін салыстырмалы кесте пайдаланылды. Зерттеудің теориялық негізін шағын формалар поэтикасын зерттеген классик ғалымдардың еңбектері мен қазіргі микрожанр теориясына қатысты ғылыми мақалалар құрады. Атап айтқанда, әдебиеттануда микрожанр ұғымы шағын көлемді, семантикалық жүктемесі өте жоғары көркем мәтін түрі ретінде қарастырылады. Микрожанрда мазмұнды барынша жинақы беру басты мақсат болғандықтан, оның әрбір деталі терең символикалық мәнге ие. Ю.М. Лотман шағын көркем форманың ерекшелігін сипаттап, «микромәтін әрдайым минималды көлемде максималды мағыналық сыйымдылыққа ұмтылады» деп атап көрсеткен [4, 226б.]. Зерттеуші А.С. Карабаева микрожанрларға қысқалық, көпқабаттылық және аралық-жанрлық синтез сипаты тән деп бөліп көрсетеді [5, 291б.]. Біріншіден, қысқалық – мәтін көлемінің шектеулілігі, ол автордан ойды тұжырымдап, дәл жеткізуді талап етеді. Екіншіден, көпқабаттылық – шағын шығарма ықшам болғанымен, астарында терең философиялық, не эмоциялық мазмұн жатады. Үшіншіден, аралас жанрлылық – микрожанрлар әртүрлі жанр элементтерін синтездей алады. Бұл оларды икемді әрі әмбебап форма ретінде танытады. Шынында да, микрожанр дәстүрлі жанрлық шекараларды жеңіл еңсере отырып, әдеби экспериментке кең мүмкіндік береді.

Нәтижелер

«Микрожанр» термині ғылыми айналымға тек XX ғасырдың аяғында енді. Алғаш рет батыс әдебиеттануында бұл ұғым жанрлар жүйесіндегі ең кіші, нақтыланған түрлерді белгілеу үшін қолданылып, көлемі үлкен макрожанрлармен салыстыру арқылы ажыратылған деп көрсетіледі. Цифрлық дәуірде микрожанр ерекше танымалдыққа ие болғанымен, оның тарихи тамыры тереңде жатқандығы айтылады. Мәселен, орыс зерттеушісі М.Н. Лебедова қазіргі орыс прозасындағы микрожанр үлгілерін зерделей отырып, көлемнің қысқаруы прозаның жалпы даму бағытына әсер ететінін және микрожанрлардың нақты түрлерін мысалдармен дәлелдеп берген [6, 4б.].

Заманауи микрожанр феноменін түсіндіруде мәтін теориясы мен семиотика принциптері маңызды орын алады. Микрожанрлық мәтін – өте жинақы, бірақ көпмағыналы, түрлі интерпретацияларға ашық таңбалық жүйе. Мысалы, Г. Марино микрожанрды «вирустық мәтіндік код» ретінде атап, оның ықшам құрылымы күрделі семиотикалық мазмұн тудыруға қабілетті екенін көрсетеді [7]. Демек микромәтіндердің ақпараттың жылдам таралуына бейім, оқырман санасына күшті әсер ететін және әлеуметтік желілер дәуірінде кең тарай алатын құбылыс. Ал П. Тороп пен К. Кроо микрожанрды оқырманға интерпретация үшін ашық символикалық өріс қалыптастыратын шығармашылық форма деп таниды [8, 150б.]. Қысқа формадағы осындай көпмағыналылық пен семиотикалық ашықтық әсіресе мистикалық және модернистік мәтіндерде айқын көрінеді. Сонымен қатар, цифрлық гуманитаристика бағытындағы соңғы зерттеулер қысқа мәтіндерді талдаудың жаңа әдістерін ұсынып отыр. Мәселен, И. Берланга-Фернандес пен Э. Рейес қазіргі коммуникация жағдайында таңбалық жүйелерді шолу барысында қысқа мәтін формаларын да назардан тыс қалдырмау керекін айтады [9]. Бұл микрожанрларды заман талабымен байланыстыра зерттеудің маңызын көрсетеді.

Қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлар бірнеше жанрлық тармақтарға бөлініп, әрқайсысы өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен айқындалады. Солардың ішінде кең тараған түрлері мыналар:

Шағын әңгіме – қазақ әдебиетіндегі микрожанрлардың ең танымал үлгісі. Дәстүрлі әңгімеге қарағанда әлдеқайда ықшам бұл форма әдетте бірнеше бет көлемінде аяқталады да, оқырманға қысқа оқиға арқылы үлкен ой салады. Шағын әңгімеде өмірдің бір сәті, кейіпкер басындағы бір көңіл-күй не шешуші жағдай бейнеленіп, оқиға шарықтау шегіне дейін жылдам жеткізіледі. Баяндау мен сипаттау минимализм заңдылығына бағынып, детальдардың семиотикалық салмағы артады. Әңгіме құру тәсілі көбіне ықшам диалогқа, ішкі монологқа немесе бір қуатты эпизодқа негізделіп, аз сөзбен терең ой мен эмоция беріледі. Қазіргі қазақ шағын әңгімелерінде детальді астарлап қолдану, финалда оқыrmанды ойға қалдыратын ашық түйін жасау тәсілі жиі ұшырасады.

Новелла – қысқа сюжетті прозалық шығарма, көбінесе күтпеген финалмен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде новелла жанры микрожанр аясында психологиялық реңк алған. Психологиялық новеллаларда сыртқы оқиға шағын болуы мүмкін, басты назар кейіпкердің ішкі тебіренісінде болады. Микрожанрлық новелла баяу дамиды, лирикалық атмосферасымен, бейнелі тілімен көзге түседі. Оқиға желісі ықшам болғанымен, астарында үлкен философиялық түйін жатады. Новеллаға тән фабула микрошеңберде де сақталады, алайда шешімнің бір бөлігі жиі оқырманның пайымына қалдырылады. Мәселен, М. Омарованың кейбір қысқа новеллалары нәзік лиризммен басталып, финалында түс кейіпте мистикалық детальмен аяқталып, оқырманды жұмбақ күйде қалдырады.

Эссе – автордың жеке толғанысы мен ой-түйіндерін көркем түрде қысқа форматта жеткізетін шағын жанр. Микрожанр сипатындағы эсселерде көбіне философиялық немесе психологиялық тақырыптар қозғалады. Эссе – көңіл-күйге негізделген лирикалық прозаның бір түрі; мұнда сюжеттен гөрі идея мен сезімдік әсер басым. Жас қаламгерлер заманауи өмір, тұлғалық ізденіс туралы шағын эссе-ой-толғаулар жазып, оларды әлеуметтік желілерде жариялауда. Автор оқиғаны баяндаудан гөрі белгілі бір құбылыс жайлы субъективті пікірін немесе эмоциялық әсерін бөліседі. Мысалы, Әлішер Рахаттың интернетте жариялаған кейбір шағын прозалық ой-толғауларын шартты түрде эссе жанрына жатқызуға болады – оларда автор қоғам, жалғыздық немесе өнер туралы өзінің ой-пікірін қысқа да бейнелі тілмен жеткізеді.

Флешфикшн – ағылшын тілді әдебиеттен енген атау, көлемі өте қысқа, 500 сөзден аспайтын әңгімелерді білдіреді. Қазақ әдебиетінде флешфикшн әлі жаңа құбылыс болғанымен, оған балама микросюжеттер бұрыннан бар деуге болады. Флешфикшннің басты ерекшелігі – жылдам әсер. Бірнеше абзац ішінде оқырманды бірден оқиғаға енгізіп, аса қысқа мәтінмен эмоционалдық соққы береді. Автор әңгімені көбіне кіріспесіз, оқиғаның қызған жерінен бастайды. Әлемдік әдебиетте мұндай форматтар flash fiction, драбл – 100 сөзден тұратын өте қысқа әңгіме, твиттература – Twitter платформасының символдық шектеуіне сыйғызылған әдеби мәтін деген атаулармен танымал.

Әуелі қазіргі қазақ прозасында микрожанрлар екі бағытта жиі көрініс табатынын атап өтсек болады: оның бірі – психологиялық тереңдікке негізделген лирикалық шағын проза, екіншісі – мистикалық сипаттағы беймаза атмосфералы шағын проза. М. Омарова мен Ә. Рахат – қазақ әдебиетінде осы екі бағытта микрожанрлық туындылар берген қаламгерлер. Олардың таңдаған шағын формадағы шығармалары көлемі жағынан қысқа болғанымен, көтерген көркемдік жүгінің салмағы зор. Төменде екі жазушының аталған шығармалары негізгі құрылымдық-мазмұндық критерийлер бойынша салыстырылып көрсетілген (1-кесте).

Кесте 1. Мистикалық микропроза: салыстырмалы талдау

Құрылым / Қызмет	Мәдина Омарова – «Шеңбер»	Әлішер Рахат – «Орта»
Нақты үзінділер	1. «Кешкі салқын ауада үнсіз ғана көшеде жүріп келе жатып, өзінің осы өмірден жоғалғанын сезді.» 2. «Ол көшенің бұрышында тоқтап, аспанға қарады. Жұлдыздар тым суық, тым алыс көрінді.»	1. «Көлеңкелер қозғалады. Мен тірімін бе, жоқ әлде біреудің түсімін бе – ажырату мүмкін емес.» 2. «Уақыт тоқтағандай. Айналамда бәрі қозғалыссыз. Тек жүрек соғысы ғана бар.»
Көркемдік тәсілдер	– Ішкі монолог арқылы психологиялық күйді жеткізу– «Бос кеңістік», «салқын ауа», «жұлдыздар»–метафоралар–Символизм:түнгі уақыт, үнсіздік, жалғыздық атмосферасы	– Сана ағысы стилі– Сюрреалистік ауысым: шындық пен елестің араласуы– Кеңістіктің белгісіздігі: «бәрі қозғалыссыз», «түсім бе»
Уақыт пен кеңістік	Уақыттың баяу ағысы, кеңістіктің салқындығы – кейіпкердің ішкі күйін бейнелейді	Уақыт тоқтағандай, кеңістік анық емес – бұл метафизикалық күйді білдіреді
Мазмұндық бағыты	Психологиялық күйзеліс, жалғыздық, болмыстан шеттетілу сезімі	Мистикалық бейуақ, сана мен шындықтың шайқалуы, белгісіздік
Оқырманға ықпал	Үнсіздік пен ішкі бос кеңістік бейнесі – эмоционалды ой тудырады	Елес, көлеңке, уақыттың жоғалуы – бейсаналық реакция мен үрей тудырады
Ғылыми тұжырым	Микрожанр – психологиялық күйді символикалық деңгейде ықшам түрде жеткізетін форма	Микрожанр – сана мен болмыс арасындағы шекараны мистикалық кеңістік арқылы бейнелеудің құралы

Бұл салыстырмалы кесте арқылы психологиялық және мистикалық микрожанрлық шығармалардың көркемдік сипаты, стильдік тәсілдері мен оқырманға әсер ету механизмі анық көрініс табады. Екі автор да ықшам формада терең мағыналы көркем кеңістік жасай отырып, оқырманды бейсаналық, метафизикалық деңгейде ойлануға итермелейді.

Талқылау

Басты кейіпкердің кешкі салқын ауада, бос қалған қала көшесінде үнсіз серуен құруы – оның жан-дүниесіндегі жалғыздық, рухани шеттетілу, өмірден сырт қалу сезімдерін астарлайды. Автор баяндауды баяу ырғақпен жүргізіп, лирикалық ішкі монолог тәсілін қолданады. Мәтіндегі «бос кеңістік» образы мен «салқын ауа» сияқты детальдар кейіпкердің көңіл-күйіне резонанс туғызып, символикалық мәнге ие болады. Бұл тұрғыда Ю.М. Лотманның көркем мәтіндегі «семиотикалық кеңістік» ұғымын еске түсіреміз. Ғалым мәдениет пен мәтінді үздіксіз кодтар жүйесі ретінде қарастыра отырып, үнсіздік пен бос кеңістік сияқты белгілерді оқырманның интерпретациялық белсенділігін тудыратын маңызды элементтер деп санайды [4, 236.]. Осыған орай, «Шеңбер» әңгімесіндегі кейіпкердің әрекетсіздігі мен ішкі күйзелісі де – оқырман үшін интерпретациялауға ашық, көпқабатты құрылым. Сонымен қатар, Р. Барттың «автор өліп, оқырман туады» деген тұжырымы микрожанрларға тікелей қатысты. Оның пікірінше, шағын мәтіндер автордан оқырманға мағынаны «күшпен таңбайды», керісінше мағына – оқырманның жеке тәжірибесіне, ішкі күйіне,

танымдық әлеуетіне байланысты [10]. Бұл тәсіл –микрожанр табиғатына тән басты ерекшелік.

М. Омарова тек баяндау емес, атмосфера жасау арқылы да эмоциялық күйге ықпал етеді. Қазіргі әдебиеттануда микрожанрлар — идеялық және эмоциялық мазмұнды ықшам түрде жеткізуге мүмкіндік беретін көркем форма ретінде сипатталады. Шағын көлемдегі мәтін арқылы терең психологиялық немесе философиялық мазмұн беру — бүгінгі әдеби процестегі тиімді көркемдік стратегиялардың біріне айналғаны байқалады. Бұл тенденция қазіргі қазақ прозасынан да көрініс тауып отыр. Шығармадағы « ... кешкі салқын ауада үнсіз ғана көшеде жүріп келе жатып, өзінің осы өмірден жоғалғанын сезді...»[11] деген сөйлем кейіпкердің сырттай тыныш, бірақ іштей алай-дүлей халін сипаттайтын эстетикалық түйін. Бұл – тек эмоциялық күй ғана емес, экзистенциалдық мәні бар құрылым. Мұндағы рухани «жоғалу», болмыссыздық – Хайдеггердің «лақтырылған күй» (Geworfenheit) ұғымымен үндеседі. Демек кейіпкер өзін дүниенің шетінде, мәнсіздіктің ортасында жалғыз сезінеді. Бұл – тек әдеби бейне емес, сонымен қатар болмыс пен уақыт категорияларына қатысты терең философиялық сұрақ. Шағын көлемді мәтінде дәл осындай күрделі идеяны беру – микрожанр формасының мүмкіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар, әңгіменің жалпы атмосферасында рационалды түсініктен тыс, оқырманды мазасыздық пен үрейге жетелейтін мистикалық элементтер байқалады. Кейіпкер айналасындағы бос кеңістіктің салқындығын, дыбыссыз қозғалысын, көлеңкелермен толы көшелерді сипаттау арқылы оқиға табиғатынан тыс шынайылықты – «қорқыныштың белгісіз түпкі негізін» жеткізеді. Мұндағы белгісіз кеңістік, үнсіздік, уақыттың тоқтауы сияқты белгілер оқырманды бейсаналық күйге жетелейді. Бұл – әдеби мистиканың негізгі құралы. Демек жазушы тікелей қорқыныш тудырмай, оқырманды мазасыздық, жаттану, түсініксіздік жағдайында қалдырады – бұл мистикалық микрожанр тәсілдерінің бірі. М. Омарованың бұл мәтінінде тылсым үрейдің ашық көрінісі жоқ болғанымен, ол астарлы түрде, кеңістіктік және символдық бейнелер арқылы жеткізіледі. Осыны «атмосфералық мистика» деп те атауға болады. Мұндай көркемдік тәсілдер Р. Кларк сипаттағандай, «микроформалар арқылы бейсаналық кеңістікпен байланыс орнату» ұстанымына сай келеді [12]. «Шеңбер» әңгімесі – микрожанрлық форма мен психологиялық тереңдікті табысты ұштастырған көркем мәтін үлгісі. Оқырманды белсенді интерпретаторға айналдыра отырып, автор эмоциялық және бейсаналық кеңістікте күрделі идеяны жеткізе алған.

Ә. Рахат – қазіргі қазақ прозасында микроформаларға, әсіресе мистикалық мазмұндағы шағын прозаларға ден қойған жазушылардың бірі. Оның «Орта» атты әңгімесі – көлемі небәрі жарты бетке жетпейтін, бірақ философиялық-мистикалық мәні терең шығармалардың қатарына

кіреді. Бұл әңгімеде дәстүрлі сюжет желісі жоқ. Нақты оқиға, диалог немесе сипаттама атаулы – тек фрагменттік сипатта. Автор сана ағысы стиліне жүгінеді: кейіпкердің ішкі сезімі мен қабылдауы үздік-үздік көріністермен беріледі. Жазушы бейсаналықпен жұмыс істейді. Шын мен елес арасындағы шекараны әдейі бұлдыратып, оқырманды анықталмаған күйге енгізеді. «Мен тірімін бе, әлде біреудің түсімін бе – білмеймін...» [13]. Бұл сөйлем – экзистенциалдық мистиканың түйіні. Кейіпкердің шынайылық туралы сенімі шайқалып, кеңістік пен уақыт категориялары өз маңызынан айырылады. Мәтінде кездесетін тоқтап қалған уақыт, үнсіз кеңістік, көлеңкелі қозғалыстар, жарық пен қараңғылықтың ауысуы – барлығы да реалистік логикадан тыс көркемдік кодтар. Әңгіме соңында оқырман нақты не болғанын білмейді. Бірақ сезінеді – бұл шынайылықтан бөлек, беймәлім кеңістікте орын алған психологиялық-мистикалық эпизод. Бұл Ю.М. Лотман сипаттаған семиотикалық шекара мен Р. Барттың оқырмандық интерпретация теориясына толықтай сәйкес көркем тәсіл [10]. Оқиға толық айтылмайды, бірақ қалдырылған мағына оқырманның ішкі психологиялық реакциясы арқылы жанданады. Сонымен қатар бұл мәтінде мистиканың діни немесе фольклорлық сипаты емес, керісінше метафизикалық, бейсаналық үрейге негізделген формасы көрінеді. Бұл бағытты әдебиеттанушы Р. Кларк «америкалық минималистік прозадағы мистикалық бейқалып» деп сипаттайды. Көлемі аз, мағына көп, ал эмоциялық реакция – оқырманның сана деңгейінде оянады [12].

Қорытынды

Қазіргі қазақ прозасында микрожанрларға бет бұру — әдебиеттің ішкі форма мен мазмұн эволюциясының нақты көрінісі. Шағын көлемді, ықшам композициялы, бірақ идеялық және эмоциялық салмағы зор мәтіндер – ХХІ ғасыр оқырманының танымына икемделген жаңа көркемдік модель. Бұл үдеріс автор мен оқырман арасындағы қатынасты жаңаша деңгейге көтеріп, интерпретация кеңістігін кеңейтеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, микрожанрлар — эссе, флешфикшн, психологиялық новелла сияқты үлгілер арқылы — бүгінгі жазушылар жеке тұлғаның ішкі әлемін, бейсаналық күйін, күйзеліс пен жалғыздық, жаттану және рухани дағдарыс секілді терең тақырыптарды жеткізуде ерекше стратегия ұстанады. Бұл жерде классикалық баяндау емес, үздік-үздік сана ағымы, символдық деталь, психологиялық резонанс пен метафоралық кеңістік жетекші роль атқарады. Қазіргі қазақ прозасындағы микрожанрлар тек формалық ізденіс емес, сонымен қатар А. Матайдың әңгімелерінде де анық байқалады, олардың адамның ішкі дағдарысы мен экзистенциалдық күйлері қысқа прозалық формада бейнеленеді [14].

Мәдина Омарова мен Әлішер Рахат шығармаларындағы микрожанрлық формалар — көркемдік тәсіл ғана емес, болмыстық ой айту

үлгісі ретінде де бағаланады. «Шеңбер» мен «Орта» шығармаларындағы бос кеңістік, уақыттың тоқтауы, үнсіздік және сана ағысы — оқырманды мистикалық кеңістікпен бетпе-бет қалдыратын құралдар. Бұл арқылы әдебиет шынайылық пен түс, өмір мен символ арасындағы шекараны жойып, адам санасының терең қабаттарын зерттейді. Сонымен, микрожанр – қазіргі әдеби үдерісте тек форма емес, қазіргі адам болмысын суреттеудің бейсаналық, символдық, психо-мистикалық әдісі. Оның эстетикалық және философиялық әлеуеті – бүгінгі қазақ әдебиетінің мазмұндық жаңаруы мен бағыттық ізденісінің нақты көрсеткіші болып отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Хуатбекұлы Е., Нурақбаева А.З., Абиханова Г. Қазіргі қазақ прозасы: жанрлық ізденістер мен микрожанр үлгілері // *Keruen*. – 2024. – Т. 85, №4. – Б. 90-100. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-07>

[2] Худайбергенов Н. М. Омарованың пьесаларындағы дәстүрлі және модернистік айшықтар // *Keruen ғылыми журналы*. – 2024. – Т. 84, №3. – Б. 169-180. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-13>

[3] Temirova Zh.G., Zhakupova A.D. Flash fiction by Ilya Odegov in the context of transculturality // *Bulletin of E.A. Buketov Karaganda University. Philology Series*. – 2023. – Vol. 109, No. 1. – P. 65-73. <https://doi.org/10.31489/2023ph1/65-73>).

[4] Лотман Ю.М. Семиосфера. – М.: Искусство, 1992. – 245 с.

[5] Карабаева А.С. Microgenres in modern prose // *American Journal of Education and Learning*. – 2025. – Vol. 3, No. 1. – P. 290–298. DOI: [10.5281/zenodo.14639858](https://doi.org/10.5281/zenodo.14639858).

[6] Лебедева М.Н. Микрожанры современной прозы: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Тверь: Твер. гос. ун-т, 2016. – 25 с.

[7] Marino G. Semiotics of virality: From social contagion to Internet memes // *Signata: Annales des sémiotiques*. – 2022. – No. 13. <https://journals.openedition.org/signata/3936> 24.06.2025

[8] Torop P., Kroó K. Text dynamics: Renewing challenges for semiotics of literature // *Sign Systems Studies*. – 2018. – Vol. 46, No. 1. – P. 142-160. <https://doi.org/10.12697/SSS.2018.46.1.07>

[9] Berlanga-Fernández I., Reyes E. The digital approach to semiotics: a systematic review // *Text & Talk*. – 2024. – Online first publication. . <https://doi.org/10.1515/text-2021-0073>

[10] Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс, 1975. – 616 с.

[11] Омарова М. Мистикалық әңгімелер (Патша қызының өлімі, Жартас басында, Суретші, Кім өлді екен?) // *Қазақ әдебиеті газеті*. – 2020. – 18 сәуір. <https://qazaqadebiati.kz/24440/madina-omarova-mistikaly-gimeler> 24.06.2025

[12] Clark R.C. American Literary Minimalism: PhD Dissertation. – University of Georgia, 2011. – 248 p.

[13] Рахат Ә. Он шақты жауынгер (әңгіме) // Abai.kz. – 2017. – 21 желтоқсан. – <https://abai.kz/post/63620> 24.06.2025

[14] Мубарак Н.Е., Кенжан А.М. Қазіргі қазақ прозасындағы адам психологиясы: Аягүл Мантай әңгімелері негізінде // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2025. – №2 (77). – Б.593-608. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.035>

REFERENCES

[1] Huatbekuly E., Nuraqbaeva A.Z., Abihanova G. Qazirgi qazaq prozasy: zhanrlyq izdenister men mikrozhannr ылgileri [Modern Kazakh prose: genre searches and microgenres] // Keruen. – 2024. – T. 85, №4. – B. 90-100. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.4-07> [in Kaz.]

[2] Hudajbergenov N. M. Omarovany p'esalaryndagy dastyrly zhane modernistik ajshyqtar [Traditional and modernist verses in the plays of M. Omarova] // Keruen gylymi zhurnaly. – 2024. – T. 84, №3. – B. 169-180. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-13> [in Kaz.]

[3] Temirova Zh.G., Zhakupova A.D. Flash fiction by Ilya Odegov in the context of transculturality // Bulletin of E.A. Buketov Karaganda University. Philology Series. – 2023. – Vol. 109, No. 1. – P. 65-73. <https://doi.org/10.31489/2023ph1/65-73>).

[4] Lotman YU.M. Semiosfera. – M.: Iskusstvo, 1992. – 245 s. [in Rus.]

[5] Karabaeva A.S. Microgenres in modern prose // *American Journal of Education and Learning*. – 2025. – Vol. 3, No. 1. – P. 290–298. – DOI: [10.5281/zenodo.14639858](<https://doi.org/10.5281/zenodo.14639858>). [in Rus.]

[6] Lebedeva M.N. Mikrozhannry sovremennoj prozy [Microgenres of modern prose]: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Tver': Tver. gos. un-t, 2016. – 25 s. [in Rus.]

[7] Marino G. Semiotics of virality: From social contagion to Internet memes // Signata: Annales des sémiotiques. – 2022. – No. 13. <https://journals.openedition.org/signata/3936>](<https://journals.openedition.org/signata/3936>) 24.06.2025

[8] Torop P., Kroó K. Text dynamics: Renewing challenges for semiotics of literature // Sign Systems Studies. – 2018. – Vol. 46, No. 1. – P. 142–160. <https://doi.org/10.12697/SSS.2018.46.1.07>

[9] Berlanga-Fernández I., Reyes E. The digital approach to semiotics: a systematic review // Text & Talk. – 2024. – Online first publication. <https://doi.org/10.1515/text-2021-0073>

[10] Bart R. Izbrannye raboty: Semiotika. Poetika [Selected Works: Semiotics. Poetics]. – M.: Progress, 1975. – 616 s. [in Rus.]

[11] Omarova M. Mistikalyq angimeler [Mystical stories (death of a royal

daughter, on a cliff top, artist, who died?)] // Qazaq adebieti gazetі. – 2020. – 18 sauir. [<https://qazaqadebieti.kz/24440/madina-omarova-mistikaly-gimeler>] 24.06.2025 [in Kaz.]

[12] Clark R.C. American Literary Minimalism. – PhD Dissertation. – University of Georgia, 2011. – 248 p.

[13] Rahat Ә. On shaqty zhaunyng (angime) [About a dozen warriors (story)] // Abai.kz. – 2017. – 21 zheltoqsan. [<https://abai.kz/post/63620>] (kol zhet. kыni: 24.06.2025 [in Kaz.]

[14] Mubarak N.E., Kenzhan A.M. Qazirgi qazaq prozasыnda adam psikhologiyasy: Ayagul Mantai аңgimeleri negizinde [The Psychology of the Individual in Contemporary Kazakh Prose: Based on the Short Stories of Ayagul Mantai] // Ablai Khan atyndagy QazHKhZhÄTU Khabarshysy. Filologіia gыlymdary serіiasy. – 2025. – №2 (77). – B.593-608. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.035> [in Kaz.]

МИКРОЖАНРЫ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ И МИСТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

* Утешова А.А.¹

* ¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются причины возникновения микрожанров в современной казахской прозе и их значение в литературном процессе. Автор ставит цель теоретически и текстологически исследовать проявление психологического и мистического направлений в малой прозе. Основная цель исследования – определить роль мистического и психологического повествования в произведениях микрожанрового формата и обозначить их место в жанровой эволюции казахской литературы. В статье показаны исторические пути развития понятия микрожанра и объясняется, что в XXI веке он утвердился как новая форма, адаптированная к быстрому восприятию читателем. Основная идея микрожанра заключается в передаче многослойного смысла через лаконичный текст и активизации интерпретационной деятельности читателя. В исследовании применялись описательный, структурно-семиотический и сравнительный методы. В качестве основного материала были выбраны малые прозы Мадины Омаровой и Алишера Рахата. Произведения М. Омаровой «Шеңбер» и А. Рахата «Орта» рассмотрены как микротексты, насыщенные психологическими и мистическими элементами, в которых раскрыты приемы создания внутреннего монолога, символизма и неопределённой атмосферы. Доказано, что размывание условных границ событийности и категорий времени-пространства является важной характеристикой микрожанра. Микрожанры оцениваются как художественная модель, ведущая читателя

к потоку сознания и отражающая экзистенциальное состояние. Эти формы рассматриваются как наглядное свидетельство жанрового обновления казахской прозы. В статье микрожанры представлены не только как литературное явление, но и как зеркало современных культурных процессов, а также показан их философский и эстетический потенциал. Результаты исследования могут служить основой для анализа современной малой прозы, совершенствования образовательных программ и поддержки новых авторских практик. Кроме того, в статье развитие микрожанров рассматривается в контексте постмодернистской эстетики, выявляется их содержательная и формальная специфика и связь с экспериментальными тенденциями в современной литературе.

Ключевые слова: микрожанр, психологическая проза, мистическое повествование, символизм, современная казахская литература, флешфикшн, экзистенциальная проза, поток сознания, короткий рассказ

MICROGENRES IN CONTEMPORARY KAZAKH PROSE PSYCHOLOGICAL AND MYSTICAL TRENDS

* Uteshova A.A.¹

^{*1}al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the reasons behind the emergence of microgenres in contemporary Kazakh prose and their significance in the literary process. The author aims to theoretically and textually explore the manifestations of psychological and mystical trends in short prose. The main objective of the research is to determine the role of mystical and psychological narration in microgenre works and to define their place in the genre evolution of Kazakh literature. The article outlines the historical development of the microgenre concept and explains that in the 21st century it has established itself as a new form adapted to the rapid perception of readers. The core idea of the microgenre is to convey multilayered meanings through concise texts and to enhance the reader's interpretative engagement. The study employs descriptive, structural-semiotic, and comparative methods. As primary material, the short prose works of Madina Omarova and Alisher Rakhath were selected. Omarova's "Shengber" and Rakhath's "Orta" are analyzed as microtexts rich in psychological and mystical elements, demonstrating techniques such as internal monologue, symbolism, and the creation of an ambiguous atmosphere. It has been demonstrated that the disruption of conventional narrative boundaries and the blurring of temporal and spatial categories are essential features of microgenre. Microgenres are evaluated as artistic models that guide readers into a stream of consciousness and reflect existential states. These forms are regarded as clear evidence of the genre renewal within Kazakh prose. The article presents microgenres not only as a literary phenomenon but also as a mirror of contemporary cultural processes,

highlighting their philosophical and aesthetic potential. The research findings can serve as a basis for analyzing modern short prose, improving educational programs, and supporting new authorial practices. Furthermore, the article examines the development of microgenres within the framework of postmodernist aesthetics and identifies their content and formal characteristics in connection with experimental trends in contemporary literature.

Keywords: microgenre, psychological fiction, mystical narrative, symbolism, contemporary Kazakh literature, flash fiction, existential prose, stream of consciousness, short story

Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 08.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Автор туралы мәлімет:

Утешова Асемгул Арыстанбаевна – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Asem.2306@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-4775-2383>

Информация об авторе:

Утешова Асемгул Арыстанбаевна – докторант по специальности «Казакская филология», Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: Asem.2306@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-4775-2383>

Information about the author:

Uteshova Asemgul Arystanbaevna – doctoral student in the specialty «Kazakh philology», al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Asem.2306@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-4775-2383>